

БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

Психологиялық қызметтің I жарты жылдық бойынша есебі

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.04.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/55809/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

«Жаңа Ертіс орта мектебі» КММ**психологиялық қызметтің I жарты жылдық бойынша есебі****2017-2018 оқу жылы.****Психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттері.**

Психологиялық қызметтің мақсаты– білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу

және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;

2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;

3) білім алушыларды психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;

- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- 7) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- 8) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Жоғарыда аталған мақсат пен міндеттерге сүйене отырып, психологиялық қызметтің төменде көрсетілген бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

I. Психодиагностика.

II. Түзету дамыту жұмысы.

III. Психологиялық кеңес беру жұмысы.

IV. Ағарту жұмысы.

V. Эксперттік жұмыс.

2017-2018 оқу жылының психодиагностикалық жұмысының нәтижесі.

18.09.2017-29.09.2017ж аралығында даярлық тобының, С.А. Банков бойынша кәмелеттік әлеуметті психологиялық деңгейін анықтау арналған сауалнама жүргізілді.

0 «А» даярлық тобында жаңа оқу жылында барлығы 17 оқушы: 13 -ұл, 4 қыз.

Сауалнама қорытындысы бойынша келесі нәтижені көре аламыз:

- 63% оқушыларының әлеуметті психологиялық деңгейі жоғары.
- 37% оқушыларының әлеуметті психологиялық деңгейі орташа.

21.09.2017 ж. Топтық психологиялық тренинг. 10 сынып. Тақырыбы «Мен және менің ортам». Мақсаты: Өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігіне түсіндіре отырып, бақыты өмір, сүрү үшін өзін өзі психологиялық тұрғыдан дайындау.

02.10.2017 - 13.10.2017 ж

Жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаудың анықтауға арналған әдістеме.

Жасөспірімдердің өзіне өзі қол жұмсаудың қауіпті белгілерін анықтауға арналған әдістеме. Бұл әдістеме оқушылардың күйзеліс жағдайын және қарым-қатынасты анықтауға арналған.

02.10.2017 -13.10.2017 жылының 5-11 сынып оқушыларының арасында, өзін өзі қол жұмсаудың қауіпті белгілерін анықтауға арналған әдістеме жүргізілді.

- 02.09.2017ж -5- 6 сынып
- 04.10.2017ж – 7-8 сынып
- 10.10.2017ж – 9-11 сынып

- 12.10.2017ж – 13.10.2017ж әдістеменің қорытындысын шығару.

Өзіне өзі қол жұмсаудың қауіпті белгілерін анықтауға арналған әдістемесін, «Жаңа Ертіс орта мектебі»КММ 2017-2018 оқу жылында, әр тоқсан сайын өткізуге жоспарланған.

Әдістеменің қорытындысы бойынша , оқушылардың жоғары күйзеліс жағдайы және қарым-қатынастың төмен деңгейі анықталмаған. Өзіне өзі қол жұмсаудың қауіпті белгілері анықталмаған.

16.10.2017 -20.10.2017ж

2017 жылдың 16 қазан-20 қазан аралығында 1 “А” сынып оқушыларының мектепке деген эмоционалдық көңіл күйін анықтаудағы, баланың мектепке бейімделуін анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Сыныпта барлығы 18 оқушы: 15 қыз және 3 ұл. Әдістеме барысында балалар өздерін еркін, ашық ұстай білді. Әр баламен жеке зерттеу жұмысы жүргізілді.

Бірінші сынып оқушыларының бейімделу деңгейін анықтауға арналған келесі әдістемелер жүргізілді:

- 1.Люшер әдістемесі
- 2.Оқушыларға арналған сауалнама;
- 3.Бірінші сынып оқушыларының мотивация деңгейін қалыптасуы;
4. Социометрия

Барлық әдістемелірдің нәтижесі бойынша, бірінші сынып оқушыларының мектепке деген бейімделу деңгейін анықталды:

- 61 % оқушыларының бейімделу деңгейі жоғары;
- 22% оқушыларының бейімделу деңгейі орташа;

- 17% оқушыларының бейімделу деңгейі төмен;

17.10.2017ж

5 сынып оқушылардың орта буынға бейімделу кезеңге өтетін жұмыс бағдарламасы бойынша «Мен және біз» тренинг сабағы өткізілді.

Мақсаты: Қоршағандар ең негізгі көмекшілер екенін түсіну.

18.10.2017ж

11 сынып оқушыларына арналған сауалнама. «Қызығушылық картасы» әдістемесі».

Мақсаты: қандай да бір іс-әрекетке қызығушылығын анықтау

23.10.2017 -27.10.2017ж

2017 жылдың 23 қазан-27 қазан аралығында 5 сынып оқушыларының мектепке деген бейімделу деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары.

Бесінші сынып оқушыларының бейімделу деңгейін анықтауға арналған келесі әдістемелер жүргізілді:

- 1.Пән мұғалімдерге арналған сауалнама;
- 2.Оқушыларға арналған сауалнама;
- 3.Бесінші сынып оқушыларының мотивация деңгейін қалыптасуы;
4. Социометрия

Барлық әдістемелірдің нәтижесі бойынша, бесінші сынып оқушыларының мектепке деген бейімделу деңгейін анықталды:

- 50 % оқушыларының бейімделу деңгейі жоғары;
- 37% оқушыларының бейімделу деңгейі орташа;
- 13% оқушыларының бейімделу деңгейі төмен;

26.10.2017ж

ШҚО «Денсаулық» орталығымен кездесу өтті. 5, 7, 9 сынып оқушылар арасында «Салауатты өмір салты» сауалнама жүргізілді.

27.10.2017ж

10 “А” сынып оқушыларының жаңа оқу жағдайына бейімделуі.

Оныншы сынып оқушыларының жаңа оқу жағдайына бейнелеу процесін зерттеуіне арналған Ч.Д.Спилбергер және А.Д.Андреева бойынша әдістеме жұмысы жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың танымдық белсенділік деңгейін, мазасыздану және жағымсыз қызу әсерленушіліктердің барысын айқындауға болады.

Әдістеме жұмысын өткізгеннен кейін, оқушылардың жалпы эмоциялық процессінің бейімделу кезеңінде – мазасызданушылық, танымдық белсенділікті арттыру және оқуға деген мінез-құлықтарының өзгергенін көре аламыз.

10 сынып оқушыларының бейімделу нәтижесі бойынша жүргізілген әдістеменің қорытындысы:

Оқушылардың 83% өздерін сенімді және мазасыздық сезімдері байқалмайды.

Оқушылардың 83% сабақта өздерін сенімді және мазасыздық сезімдері байқалмайды.

Оқушылардың 17% сабақта мазасыздық сезімдері орташа деңгейінде байқалады.

Оқушылардың 17% сабақта және күнделікті жағдайда мазасыздық сезімдері орташа деңгейінде байқалады.

Оқушылардың 17% күнделікті жағдайға және қоршаған әлемге қызығушылығын орташа деңгейде көрсетілген.

Оқушылардың 83% жоғары деңгейде көрсетілген.

Оқушылардың 17% танымдық белсенділігі төмен деңгейде көрсетілген.

Оқушылардың 17 % сабаққа деген танымдық белсенділігін орташа деңгейде көрсетілген.

Оқушылардың 83% сабаққа деген танымдық белсенділігін жоғары деңгейде көрсетілген

Жүргізілген әдістемелердің қорытындысы бойынша оқушылардың жалпы эмоциялық

процессінің бейімделу кезеңі – мазасызданушылық, танымдық белсенділігі және оқуға деген мінез-құлықтарының қалыпты жағдайда анықталды. Оқушылардың 83% бейімделу деңгейі жоғары, 17% оқушыларының бейімделу деңгейі орташа.

8.11.2017 ж. Переваловка орта мектебінде ПМПК кездесу өткізілді.

9.11.2017ж

Тренинг. 8 «а» сынып. Тақырыбы «Доссыз — өмір бос».

Мақсаты: Достықтық адам өміріндегі өзіндік ерекшеліктері ұғындыру арқылы, оқушылардың достық қасиеттерін ұштау, өмірден адал да, шыншыл дос таба білуге баулу.

10.11.2017 жылы.

11-сыныпқа арналған психологиялық тренинг-сабақ.

Барлық қатысқан оқушылар саны -10.

Тренинг — сабақтың мақсаты: ҰБТ тапсырушы 11 — сынып оқушыларының бойындағы стрестік қалыптан арылту, сенімді мінез — құлық дамыту.

11.11.2017ж

6-8 сынып арасында, шылым және есерткі шегу жайында түзету жұмыстары жүргізілді. Тақырыбы «Зиянды әдеттерден алдын алу».

Мақсаты:

Өркениетті елдің азаматының денсаулығы мықты, зиянды әдеттерден аулақ болу керек екенін түсіндіре отырып, шылымның адам өміріне зиянын ұғындыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдануға ықпал ету. Өз өмірін, денсаулығын сақтап, қорғай білуге тәрбиелеу.

04.12.2017 - 14.12.2017 ж

Жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаудың анықтауға арналған әдістеме.

Жасөспірімдердің өзіне өзі қол жұмсаудың қауіпті белгілерін анықтауға арналған әдістеме. Бұл әдістеме оқушылардың күйзеліс жағдайын және қарым-қатынасты анықтауға арналған.

04.12.2017 -14.12.2017 жылының 5-11 сынып оқушыларының арасында, өзін өзі қол

жұмсаудың қауіпті белгілерін анықтауға арналған әдістеме жүргізілді.

- 04.12.2017ж -5, 6 сынып
- 06.12.2017ж – 7,8 сынып
- 08.12.2017ж – 9 сынып
- 12.12.2017ж – 10, 11 сынып

Өзіне өзі қол жұмсаудың қауіпті белгілерін анықтауға арналған әдістемесін, «Жаңа Ертіс орта мектебі» КММ 2017-2018 оқу жылында, әр тоқсан сайын өткізуге жоспарланған.

Әдістеменің қорытындысы бойынша , оқушылардың жоғары күйзеліс жағдайы және қарым-қатынастың төмен деңгейі анықталмаған. Өзіне өзі қол жұмсаудың қауіпті белгілері анықталмаған.

11.12.2017ж

2 «А» сыныбында таным процестерін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар:

«Шатастыру», «Домино», «Барлаушы», «Колейдоскоп».

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін анықтау.

12.12.2017 ж.

6 «а» , 9 «а» сынып оқушылары мен қарым -қатынасты дамытуға арналған тренинг сабағы.

Мақсаты: Оқушылардың арасында қарым -қатынасты орнату.

18.12.2017 ж

4 «а» сынып оқушыларында, баланың ақыл- ой анықтауда Гуденаф Харристің тесті жүргізілді.

Ата-аналардың жиналысы:

1. **13.12.2017 жылы 1 «А» сыныбында ата-аналар жиналысы.** Жаңа оқу жағдайына бейімделуі.
2. **14.12.2017 жылы 0 «А» сыныбында ата-аналар жиналысы.** Оқушылардың психоәлеуметтік кемелділік дәрежесі (ой өрісі), әдістеме қорытындысымен таныстыру.

3. **3. 14.12.2017 жылы 5 «А» сыныбында ата-аналар жиналысы.**
Оқушылардың орта буынға бейімделу кезеңі.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы.** Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.